Для цитирования: Сансызбай Н.С. Личная коллекция мастера прикладного искусства А. Муратова из фонда Актюбинского областного-краеведческого музея // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 81-86. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.09

PERSONAL COLLECTION OF CRAFTS A. MURATOV FROM THE AKTOBE REGIONAL MUSEUM OF LOCAL LORE

N.S. Sansizbay

Aktobe regional historical and local history museum (Kazakhstan)

Abstract. The article is dedicated to the legacy of the famous master of folk crafts Aidos Muratov from the fund of the Aktobe Regional Museum of History and Local Lore and the master's innovations in the manufacture of furniture in the traditional art of the Kazakh people.

At the invitation of the famous architect T. Basenov, who built one of the first architectural buildings in the city of Almaty - the Abay Opera and Ballet Theater, A. Muratov took part in the decorative and design finishing of this building, where the master's handwriting and recognizable style gracefully fit in. In 1945, A. Muratov was awarded the Order of "Kurmet Belgisi". The life path of a man who selflessly served his country and left behind a rich legacy of his craft will undoubtedly serve as an example for future generations.

Wooden home furniture by A. Muratov is decorated with carving and embossing with plant elements and geometric figures such as "kazmoyn", "tuetaaban", "kuskanat", and the use of rich colors distinguishes him from other masters. The article discusses the importance of A. Muratov's use of the national carving line in creating furniture of national form and its decoration from today's point of view. The master of Kazakh folk crafts A. Muratov left a rich legacy, creating his own style of combining national furniture intended for nomadic life with a sedentary culture.

Materials and methods of the research. The research data were the books of the Aktobe Regional Museum and the Shalkar District Museum, documents of the scientific archive of the Regional Museum, scientific articles and literature necessary for the disclosure of the topic.

The main principle of the article was based on historical data, methods of description, presentation, and narration were used.

Keywords: Aktobe Regional Museum of local lore, collection, exposition, wood products, architecture.

For citation: Sansizbay N.S. Personal collection of crafts A. Muratov from the Aktobe regional museum of local lore // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 81-86. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.09

Кіріспе. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі 1929 жылы жергілікті өлкетанушылардың бастамасымен құрылып, қазірде білім және насихат орталығына айналған, өзіндік қалыптасу тарихы бар іргелі мекеме. 121 мыңнан астам жәдігері бар музей қорында экспонаттардың бірегейлігіне қарай топтастырылған 25 коллекция бар және әр коллекциядан шығатын жинақтардың өзі бірнеше бөлікке бөлінеді. Қандайда болмасын жәдігердің өзіндік тарихы бар, құндылығы жоғары. Қазір зерттеу тақырыбымыз болып отырған шебер А. Мұратовтың қолынан шыққан заттары музей қызметкерлерінің іздену жұмыстарының нәтижесінде жеке топтама болып жинақталған. Қазақ халқының көшпелі өмір салтына лайықталып жасалған кебеже, сандық, жастықағаш, көші-қонға бейімделген құрастырмалы төсекағаш, сықырлауық есік, асадал, адалбақан сияқты ағаш бұйымдары музей экспозициясындағы киіз үй жабдығының көркін келтіріп тұр. Шебердің жасаған дүниелері облыстық музей қорынан басқа Алматы және Атырау қалалары мен Шалқар аудандық музейінің қорында жинақталған.

Талқылау. Айдос Мұратов 1881 жылы Шалқар ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген [Шалқар, 2009: 219]. Ол ағаш ұсталығымен бірге зергерлік пен етікшілікті қоса меңгерген қолөнер шебері болған [АОТӨМ. ҒА. ГКП 768]. Әкесі қолөнер шебері Сыдықұлы Мұрат мешіттер, күмбезді мазарлар тұрғызған, тұрғылықты жерінде бірнеше адамға үй (землянка) де соққан кісі. Аяққұмдағы Қошқарата тұзындағы Асан ишанның мазарын, Шалқар ауданының Қаратөбел деген жерінде Әбдіғалым ишан Рысмағанбетұлының мешітін көтерген. Мешіттің босаға ағашы облыстық музейдің «Руханият» көрме залының экспозициясында тұр (НҚ 17516/1-2). Босағаға бекітілген ағаштың түсі көк, бұрама етіп, ағашты ойып жасаған. Жерге бекітілген шеті ағарып қажалған. Музей қорына Әбдіғалым ишанның ұрпағы Махмут Әбдіжәмиұлы тапсырған [АОТӨМ, 2020: 17].

Әкесінің шеберлігі дарыған А. Мұратов та қолөнермен жастайынан айналысып, ағаштан, сүйектен, тастан бұйым жасаумен айналысқан. Тақта тастардан қайтыс болған адамдарға ескерткіш (құлыптас) жасаған. Қабақ руындағы Нияз бидің баласы Шонаға, әкесі Мұратқа да өз қолымен ескерткіш қойған [Ақтөбе, 1991:10]. Әкесінің жол көрсетуімен толықтай ағаш ұсталығына көшкен А. Мұратов ағаштан үй жиһаздарын жасап, әр заты ел көңілінен шығады. Сонымен қатар дәстүрлі тұрмыс заттары: сандық, кебеже, жұқаяқ, асадал жасау кезінде шебердің жаңашылдыққа ұмтылып, оны өз туындыларында кеңінен қолданғанын көруге болады.

Этнограф ғалымдардың зерттеулері бойынша асадалдың (ас және ыдыс-аяқ сақтауға арналған) көшпелі өмірге ыңғайланып жасалған «тумбочка» тәрізді түрлерінен кейін, XX ғасырдың бас кезінен бастап отырықшылық мәдениеттің сұранысына қарай аяқтар салынып, екі-үш бөліктен құралып жасалатын түрлері жасала бастаған [Арғынбаев, 1987:45].

Облыстық музей экспозициясындағы А. Мұратовтың шеберлігімен орындалған «асадал» деп аталатын үй жиһазы жаңа заманның тұрмысына қарай ыңғайластыра істелгені көрінеді: бойын жерден сәл көтеріп аяқтар салған, суырма жәшіктерін орнатып, әрбір қиылыстарына дейін ағашты ойып отырып геометриялық өрнектер, есіктеріне өсімдік бейнелі оюлар салған. Қазақтың тұрмыстық жиһаздарына тән қою күрең қызыл түске қарағанда, ашық сары түс пен ашық жасыл, пісте түсті реңдерге мән берген. Күлгін түстің өзін алтын және қоңыр түсті бояумен араластыра отыра сәтті алып шыққан. Асадалдың өлшемі: 89х165см. Музей қорына 1989 ж. А.Сейсеновадан 180 рубльге сатып алынған (НҚТ 11493).

Үстіңгі бөлігіне әйнектелген есік салынған асадалдың кейінгі түрі Шалқар аудандық музейінде сақталған. Бұл асадал қазіргі «сервант» жиһазы үлгісінде жасалған. Екі бөліктен құрастырылып, үстіңгі бөлігіне әйнек салумен қатар жақтауына ағаштың өзінен бедерлеп әшекейлік жапсырмалар істеген. Асты бөлек шкаф тәрізді болып келіп, үстіңгі бөлігінде қуыс орын қалдыра отыра жоғарғы жағына ыдыстар орналастыру үшін әйнектелген есігімен сөрелер жасаған. Ондағы ою-өрнектері дөңгелек, ромб, жапырақ тәріздес болып келеді де, көгілдір, қоңыр мен күнгірт қызыл түстермен боялған (НҚТ 1439). Осы ауыл тұрғыны Ғ. Әлиева анасы Ғалиябанудың тұтынған асадалын Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейіне

тапсырған [ШАТӨМ, 2010: 86].

Қазіргі кезде жергілікті облыстық музейдің экспозициясында тұрған алтықанат киіз үйдің сықырлауық деп аталатын есігі, босағасында орналасқан адалбақан да, А. Мұратов шебердің қолынан шыққан. Киіз үйдің құрылуы кезінде шаңырағын көтеруге пайдаланылған адалбақан былайғы уақытта, яғни қосымша ілгіштің рөлін атқарған. Оның бойындағы ілуге арналған имектерімен бірге төртбұрыш және дөңгелек фигураларды араластыра отырып, ағаштың өзінен тұтастай ойылған. Шебер оны жасауда қою жасыл түс пен қоңыр түсті алма-кезек қолдана отырып, өрнектеріне де ерекше келбет, символдық мән бергісі келгендей (НҚТ 9642). Шымылдықпен бөлініп кісі көзінен таса тұратын жерде төсекағаш орналасады. Музей қорында тұрған А. Мұратов шебердің жасаған құрастырмалы төсек ағашының көлемі 70x94x200 см (НҚТ 12145). Оны музейге 1991 жылы ауыл тұрғыны Б. Жанаманова тапсырған.

Киіз үйдің екі ашпалы есігі (сықырлауық) биіктігі 175 см, екі жақтауы мен есіктерінің өрнектері (түйетабан, қазмойын, өсімдік элементті оюлар) тереңірек ойылып жасалған. Есік маңдайшасының оюлары үлкен көлемде салынып көз тартып тұруымен бірге, шығыстық стильге қарай келтіріліп салтанаттылық беріп тұр. Музей қорында шебердің әртүрлі көлемдегі және әртүрлі мақсаттағы қолданысқа арналған 4 сандығы мен 1 кебежесі сақталған (НҚТ 12122, НҚТ 419, НҚТ 423, ГКП 420).

А. Мұратов қақпағы бар тікбұрыш пішінді сандықты жасау кезінде, қақпағына бекітетін темір салған, бояуы 7 түрлі ашық түстерден тұрады, өсімдік, «түйетабан» және «құсқанат» оюының элементтерін қолданған. Сандықтың беткі тұсы оюмен нақышталып, тұтқа салынған. Көлемі: 43x47x80 см (НҚТ 12122). Екіншісі сандыққа қарағанда сандықшаға келеді, себебі қолға ұстауға ыңғайлы етіп төбесіне тұтқа салып шағын түрде жасалған. Мұндағы өрнектер өсімдік элементтерімен және геометриялық фигуралармен оюланып, бедерленген. Сандықшаның есігіне құлып салатын ілмешек қойылған, екі бұрышына және ілмешектің астыңғы тұсына кішкене көлемде дөңгелектенген айна салынған. Оған қара көк, күңгірт сары және жасыл бояулармен қиғаштанған геометриялық сызықтар сызылып, гүлдің, жапырақтың түстері қызыл және жасыл түстермен боялған. Көлемі: 26,5x46,5 см. Музей қорына 1969 жылы түскен (НҚ 419).

Айта кететін бір жайт А. Мұратовтың жасаған тұрмыстық жиһаздарының бір ғасырға жуықтап қалса да өз өңін бермей, бояуларының қанықтығын сақтап тұрғандығында. Демек шебер ағаштан ою ойып, керемет туындылар жасаумен қатар, бояу сырын да жақсы меңгерген болып тұр. Себебі адамдардың қолдануына қарай заттар әртүрлі жағдайда музей қорына түскен, сақталуы жақсысы да, орташасы да, қанағаттанарлық түрі де бар. Дегенмен осылардың барлығында назар аударатын жай ол жаңағы айтып өткен түстердің реңінің жоғалмауы.

Үйдің тұрмыстық заттарынан өзге шебер А. Мұратовтың қолынан домбыра да шыққан. Әйгілі күйші Қазанғап Тілепбергенұлына жасап берген домбырасы туралы «Шежірелі өлке» газетінің редакторы Мұқамбетқали Есмағанбетов «1921 жылы Шалқар өңіріне қыдырып келген күйші Қазанғапқа өзінің сыйлығы ретінде домбыра жасап берген», – деп жазады [Шежірелі өлке, 2006: 4].

Айдос Мұратовтың шеберлік атағы елге жайылып, өнеріне тәнті болған жұрт оған «хас шебер» деген атақ бере бастайды. 1945 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының 25 жылдығына орай (КСРО кезеңі екенін ескереміз) А. Мұратов «Құрмет белгісі» орденінің иегері атанады. Бұл атақ оған сол кездегі бірден-бір сәулетті ғимарат Абай атындағы Опера және балет театрының салынуы кезіндегі еңбегі үшін берілген болатын.

1933 жылы аталған театрдың ғимаратын салу туралы шешім шығып, құрылыс 1936 жылы басталып 1941 жылы аяқталады. Құрылыстың архитекторлары Н. Круглов, Т. Бәсенов, Н. Простаков күрделі де маңызды жұмысты орындап шығады. Төлеу Құлшаманұлы Бәсенов туралы ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі А.Ш. Татығұлов: «Қазақ мәдениетінің мақтанышын жазушы Мұхтар Әуезов, композитор Ахмет Жұбанов, суретші Әбілхан Қастеев сияқты есімдер құрайды. Бұл көрнекті адамдардың қатарында Қазақстанның тұңғыш кәсіби сәулетшісі Төлеу Бәсеновтің де есімі тұруына толық хақы бар», – деген

болатын [Татыгулов, 2009: 418].

Қазақстанның алғашқы сәулеттік ғимараттың ұлттық бояуының асқақ болуына үлкен мән берген Т.К. Басенов қазақ халқының қолөнершілерінің арасынан осы мақсаттарды жүзеге асыруға қабілетті адамды іздейді.

А. Мұратов туындыларының айрықша нақыштары мен орындау шеберлігіне тәнті болған архитектор Т.К. Басенов оны Алматы қаласына театрды безендіру жұмысына этнограф-кеңесші болуға шақырады. Театрдың фойесіндегі капительді бағаналар, қабырға, басқыш қоршауларындағы қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері ғимарат архитектурасында кеңінен қолданылды. Осылайша қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында шебер Айдос Мұратовтың да қолтаңбасы қалды.

1945 жылы эксперимент есебінде Т.К. Басеновтың жобасы бойынша А.Мұратов қызметтік кабинетке арналған жиһаздың гарнитурын жасап шығарады, мұнда: жазу үстелі, екі орындық (кресло) және бір орындық, гардероб, кітап шкафы, диван және асхана үстелі бар еді. Т. Басеновтің авторлық жобасы мен шебердің ойы бір жерден шығып жиһаздарда ұлттық пішіндер, ал безендіргенде ұлттық оюдың желісін пайдалану қарастырылады [Басенов, 2011: 17].

Қорытынды. Осындай іргелі жұмыстардан кейін ел басқарған басшылар да А. Мұратовтың Алматы қаласында жұмыс жасауға шақырды, дегенмен шебер өзінің жасының ұлғайғандығын алға тартып өзінің туған жері Шалқарға оралады. Ел ішінде еңбексүйгіштігімен, қолөнерімен сыйлы болған жан 1970 жылы наурыз айында 90-ға қараған жасында дүниеден озды. 1993 жылы Айдос Мұратов Шалқардағы тұрған үйіне (Үргенішбаев көшесі №7) мемориалдық тақта орнатылды. Айшуақ кеңшарындағы бір көшеге есімі берілді. Ою-өрнектерді ағаш ұсталығында қолданудың өзіндік стилін құрған және халқына өз қолөнерімен бай мұра сыйлаған Айдос Мұратов кейінгі ұрпақ үшін мәңгі өшпейтін қолтаңба қалдырды.

ӘДЕБИЕТ

Ақтөбе газеті. 1991. № 26. 10 б. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі. Түсімдер кітабы. 1982-1991. № 04-01

Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. Алматы: Өнер, 1987. 44-45 б.

Басенов П. Под ред. А.Ш. Татыгулова. Том 1. Алматы: Басбақан, 2009. 418 с.

Басенов Т. Қазақстан архитектурасы. Жауапты хатшы Асқаров Ә. Алматы: Өнер, 2011. 17 б.

Шалқар энциклопедиясы. Бас. ред. Т. Тілешев. Шалқар, 2009. 337 б.

Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің түсім кітабы. № 5. 86 п.

«Шежірелі өлке» газеті. Редактор М. Есмағанбетов. Шалқар, 2006. № 40

REFERENCES

Aqtobe gazeti. 1991. №26. 10 p. (In Kazakh) Aktobe regional historical and local history museum. Túsımder kitaby [Book of receipts]. 1982-1991. № 04-01 (In Kazakh)

Arǵynbaev H. Qazaq halqynyń qolóneri. Almaty: Oner, 1987, pp. 44-45 (In Kazakh)

Basenov T. Pod red. A.Sh. Tatyǵylova. Tom 1. Almaty: Basbaqan, 2009. 418 p. (In Russian)

Básenov T. Qazaqstan arhitektýrasy. Jáıapty hatshy Asqarov Á. Almaty: Oner, 2011. 17 p. (In Kazakh)

Shalqar ensıklopedıasy. Bas.red. T. Tileshev. Shalqar, 2009. 337 p. (In Kazakh)

Shalqar audandyq tarıhı-olketanı múzeiniń túsım kitaby. № 5. 86 p. (In Kazakh)

“Shejireli olke” gazeti. Redaktor M. Esmaganbetov. Shalqar, 2006. № 40. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Сансызбай Нұрсәуле Серікқызы – Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми-әдістемелік бөлімінің аға ғылыми қызметкері (0300000, Ақтөбе қ-сы, Алтын Орда ы.а., Ораз Тәтеұлы көшесі 3. Қазақстан). Менеджмент магистрі. E-mail: nursaule.sansyzbay@mail.ru

Сведения об авторе: Сансызбай Нурсауле Сериковна – старший научный сотрудник научно-методического отдела Актюбинского областного историко-краеведческого музея (0300000, г. Актюбе, Алтын Орда м-н., ул. Ораза Татеулы 3, Казахстан). Магистр менеджмента. E-mail: nursaule.sansyzbay@mail.ru

Information about the author: Nursaule S. Sansyzbai – senior researcher of the scientific and methodological department of the Aktobe regional historical and local history museum (0300000, Aktobe city, Altyn Orda u.a., Oraz Tateuli street 3, Kazakhstan). Master of Management. E-mail: nursaule.sansyzbay@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 29.03.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 29.08.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 02.09.2024.

ӘОЖ_39

«САРАЙШЫҚ» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘДІГЕРЛЕР

Т.Е. Мысабаева

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» (Қазақстан)

Аңдатпа. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» Атырау облысындағы туристер көп келетін мәдениет ошақтарының бірі болып саналады. 1999 жылы «Сарайшық» музей-қорығы ашылып халыққа қызмет көрсете бастаған кезде музей қорында 200-ден аса жәдігер болған. Қазіргі таңда музей-қорық қорында 5093 заттай жәдігерлер бар. Олар: археологиялық, этнографиялық, фото-архивтік құжаттар, нумизматикалық және көркем сурет жәдігерлер болып бес ғылыми классификациялық топқа жіктелген. Олардың көпшілігі түпнұсқа болғандықтан өте құнды және қайталанбайтын туындылар болып табылады.

Мақалада «Сарайшық» музей-қорығы топтамасындағы этнографиялық жәдігерлер қатарында ауыл тұрғыны Л. Жанғұтованың тапсырған кебежесі, жастық ағашы, алаша тоқитын өрмек ағашы және Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев ауылының тұрғыны А. Молдағалиеваның тапсырған үлдірігіне сипаттама берілген. «Сарайшық» музей-қорық қорындағы этнографиялық жәдігерлердің негізгі түсім бұл республикада облыс көлемінде ұйымдастырылған «Музейге сый» акциясы барысында қабылданған.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Өткен өмірде тұрмыста пайдаланылған материалдық құндылықтарымызды соңғы деректермен салыстыра зерттеп, өткен ғасырдың халық тұрмысы мен мәдениетінің тарихи даму үрдісі сипатталды. Ата-бабадан келе жатқан асыл мұраларымызды өскелең ұрпаққа экспозициядан көрсетіп, маңызын түсіндіріп, мәдени мұра ретінде насихаттау бағыты ұсталынды.

Тірек сөздер: Сарайшық, музей, этнография, жәдігер, кебеже, рухани мұра.

Сілтеме жасау үшін: Мысабаева Т.Е. «Сарайшық» музей-қорығындағы этнографиялық жәдігерлер // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 86-91 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.10

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЭКСПОНАТЫ МУЗЕЯ-ЗАПОВЕДНИКА «САРАЙШЫК»

Т.Е. Мысабаева

Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык» (Казахстан)

Аннотация. Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшык» Министерством культуры и информации Республики Казахстан является одним из наиболее посещаемых туристами культурных центров Атырауской области. В 1999 году, когда был открыт музей-заповедник «Сарайшык» и начал обслуживать население, в фонде музея насчитывалось более 200 экспонатов. В настоящее время в фонде музея-заповедника насчитывается 5093 материальных экспонатов. Они разделены на пять научных классификационных групп: археологические, этнографические, фотоархивные документы, нумизматические и художественные артефакты. Большинство из них очень ценны и уникальны.

В статье описаны этнографические коллекции музея-заповедника «Сарайшык»: деревянный сундук для пищевых продуктов, деревянная подставка под подушку, деревянный станок для вышивки ковров, переданные жительницей села Л. Жангутовой, и деревянный открытый кухонный шкаф, переданный А. Молдагалиевой, жительницей села Х. Ергалиев Исатайского района. Основным источником поступления этнографических экспонатов в музей-заповедник – республиканская акция «Дары музею», проведенная в области.

Материалы и методы исследования. Исторический процесс развития народной жизни и культуры прошлого века сопоставлен с новейшими данными. Мы должны показать молодому поколению наше драгоценное наследие наших предков, объяснить его важность и пропагандировать его как культурное наследие.

Ключевые слова: Сарайшык, музей, этнография, реликвия, сундук, духовное наследие.

Для цитирования: Мысабаева Т.Е. Этнографические экспонаты музея-заповедника «Сарайшык» // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 86-91. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.10

ETHNOGRAPHIC EXHIBITS OF THE «SARAIHYQ» MUSEUM-RESERVE

T.E. Mysabaeva

State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyq» (Kazakhstan)

Abstract. The State Historical and Cultural Museum-Reserve "Sarayshyk" is considered one of the popular cultural centers of the Atyrau region in the republic by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan. In 1999, when the museum-reserve "Sarayshyk" was opened and began to serve the population, the museum fund numbered more than 200 exhibits. Currently, the museum-reserve fund contains 5093 material exhibits. They are divided into five scientific classification groups: archaeological, ethnographic, photo archival documents, numismatic and artistic artifacts. Most of them are very valuable and unique, because they are original. The article describes the ethnographic collections of the Saraishyk Museum-Reserve: a wooden chest for food, a wooden pillow stand, a wooden loom for embroidering carpets, donated by a resident of the village L. Zhangutova and a wooden open kitchen cabinet donated by A. Moldagalieva, a resident of the village of Kh. Ergaliev, Isatai district. The main source of ethnographic exhibits in the museum-reserve was during the republican campaign in the regions "Gifts to the Museum".

Materials and methods of the research. The historical process of development of folk life and culture of the last century is compared with the latest data. We must show the younger generation our precious heritage of our ancestors, explain its importance and promote it as a cultural heritage.

Keywords: Saraishyq, museum, ethnography, relic, chest, spiritual heritage.

For citation: Mysabaeva T.E. Ethnographic exhibits of the «Saraishyq» museum-reserve //

Кіріспе. Қазақ этнографиясы – қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін, тарихын, қоғамдық дамуын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы.

Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнделікті тіршілік барысында орынды пайдаланып, әсем бұйымдар жасап, оны өмірде сән-салтанат құруға да пайдаланды. Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Оларға киіз үйдің сүйегі, ағаш керует, кебеже, сандықпен қатар, кілем, сырмақ, алаша, ши тоқу да кіреді. Күнделікті тұрмыстық жағдайға қажет арқан, жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік сияқты басқа да көптеген заттарды шеберлер, қолөнершілер өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болған [Есмырза, 2018: 46].

Халықтың қолөнердегі мүліктерінің бір тобы – үй-іші жабдықтары болса, екінші тобы – қайыс өру, қару-жарақ, көшу-қону, жол-жорық жабдықтары болды. Қазақ халқының қолөнерінде ағашты, киізді, темірді ұсату оларды өңдеп тұрмыс қажетіне қосып іске асыру болғанымен, үй жиһаздарын, бұйымдарын жасау, тек нағыз шеберлердің қолынан келген.

Ұсталар киіз үйдің сүйегін арнайы дайындап ағаштарды кептіріп, морға салып иіп, сырлап жасаған. Әрбір киіз үй іші жиһазсыз болмаған. Оған жүкаяқ, ағаш төсек, жастық ағаш, кебеже, асадал, күбі, әбдіре жасалып киіз үйдің төрінен бастап босағасына дейін сәнді ретімен орналастырылатын болған.

Талқылау. XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнерінде киіз үйге қажетті жабдықтарды жасау, ағаш төсек, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу және т.б. күнделікті тұрмыс-тіршіліктің қажеттілігінен туындады. Кебеже, сандық, жүкаяқ, қобдишалар жасау үшін алма мен жаңғақ ағаштары пайдаланылған. Әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай үй бұйымдарының қайсысын болсын асқан шеберлікпен жасай білген. Осындай аса шеберлікпен туындаған ағаштан жасалған үй жиһаздарының кейбіреуіне тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз [Есмырза, 2018: 47].

Кебеже – бұрынғы кезде азық-түлік сақтауға пайдаланылған. Олар бетіне сүйек, күмістен ою-өрнекпен әшекейленген сандықша үлгісінде жасалған. Кебеже еліміздің барлық аудандарында кездесетін, халық арасында көптеп тараған, сыртын сырлап, көзге түсер жақтарын көркемдеп, әсемдеп жасалатын жиһаз. Оның беттеріне сырмақ, текемет оюларына салынатын оюларды ойып жасайтын арнайы шеберлер болған. Мұндай кебелердің негізгі өрнегі – қошқар мүйіз, қос мүйіз, кейде өсімдік тектес оюлар болып келген. Кебеже – халық тұрмысындағы көшіп-қону кезінде екі өркешті түйеге теңделіп, түрлі зат салып тасуға да қолданылған.

Бұл мақаламызды жазуға себеп болған, өзінің жекелеген мағлұматтарымен бөлісіп, жәдігерлерді «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына «Музейге сый» акциясы аясында тапсырған Сарайшық ауылының тұрғыны Л.Р. Жанғұтова. Ол өзі тапсырған жәдігер туралы мынадай мәліметтер берді: Бұл кебеже әкем Жанғұтов Рамазанның шаңырағында пайдаланған көне жиһаздың бірі (сурет 1.)

1930-1932 жылдары Орпа ауылдық Кеңесінің хатшысы болған қоғам белсендісі, 1908 жылы туылған Жанғұтұлы Шахмардан (Қарағұл деп атаған) Л.Р. Жанғұтованың әкесі Рамазан Жанғұтовтың ағасы болады. Жанғұтұлы Шахмардан Орпадағы үйіне Жайық бойындағы №15 ауылдың шебері, руы себек Бектерекұлы Мақтымқұлды алдырып үй жиһазы, осы кебежені жасатқан екен. Бұл кебеже екі қатарлы болып, көшіп-қону кезінде ыңғайсыз болғандықтан астыңғы бөлігін бөлек тиеп алатын болған. Бірақ, қазіргі күнге дейін астыңғы бөлігі сақталмай қалған.



Сурет 1. Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған кебежесі.

Жастық ағаш – бұл бұйым жастықтың астына қойып жатуға ыңғайлы болу үшін жасалған төсек орын жабдығы (сурет 2.) Ағаш жастықтар ер адамға және әйел адамға деп, бөлек арналып жасалатын болған.

Л.Р. Жанғұтованың айтуынша: «Қайын атам, Өтеәліұлы Шаймардан кебеже, сандық, кілттенетін шкаф секілді мүліктерді жасайтын шебер болды. Ол 1893 жылы туып, 1965 жылы қайтыс болды. Арапша жазу-сызуды білген сауатты адам болған. Руы – адай, Тоқпанбет бөлімінен. Ағаштан бұйымдар жасаумен қатар аяқ киімдерді де тіккен. Өзінің түрлі аяқ киім қалыптары болған, өкінішке орай олар қазіргі күнге дейін сақталмай қалды. Қайын атам өмірден өткен адамдарға құлпытас құйып, белгі орнататын кәсіппен де айналысқан.

Бүгінгі таңда атамыздың ұрпақтары Сарайшық ауылында тұрады. Өтеәліұлы Шаймарданның ұлы Қадыржан Шаймарданов та өмірден өтіп кетті. Бірақ Қадырбек, Мұратбек, Жұмабек есімді немерелері осы ауылда түтін түтетуде».



Сурет 1. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығындағы «Жастық ағаш».

Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған әжесінің «өрмек ағашы» құралы туралы әңгімесіне тоқталсақ, бұл алаша тоқуға арналған құрал. Л.Р. Жанғұтованың айтуынша: «Бұл әжеміз Әсима Есжанқызының пайдаланған отбасылық жеке құралдары. Әжеміз, Әсима Есжанқызы 1905 жылы туып, 1997 жылы өмірден өтті. Темірден жасалған үш тағанды мосы, қылыш, адырғы, өрмек ағашы секілді жабдықтары болды (сурет. 3.)

«Өрмек ағашы» құралын атамыз, Өтеәліұлы Шаймардан әжеміз, Әсима Есжанқызына арнап жасап берген екен. 1990-жылдарға дейін әжеміз, Әсима Есжанқызы өзінің өрмек ағашымен «қақпа алаша» тоқып жүрді. Әжеміз, Әсима Есжанқызы дүниеден озған соң, қазақ халқының қолөнерін нақыштайтын «өрмек ағашын» «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсыруды жөн көрдім».



Сурет 3. Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған әжесінің «өрмек ағаш» құралы.

Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған келесі үй жиһазы «асадал» туралы бірер сөз. Л.Р. Жанғұтова: Сонымен бірге үйде асадал деп айтып жүрген жиһаз да болды. Асадал – тамақ және ыдыс-аяқ сақтайтын үй жиһазы, кебеженің бір түрі. «Ас» және «адал» деген сөздерден құралған. Оны аналарымыз үлдірік деп те атайтын. Үлдірік көбіне Қазақстанның батысында кең таралған атау. Оның екі-үш сәресі болады, алдыңғы екі жақтауы өрнектелген, есігі болмайды, бетіне матадан перде жауып ұстайды. Сөрелерге тағам салынған ыдыстар қойылады.

Бұл үлдірікті де Жайық бойындағы №15 ауылдың шебері Бектерекұлы Мақтымқұл шебер жасаған. Бірақ бұл мүлік бүгінгі күнге дейін сақталмай қалды.

Осы үй жиһаздарын жасаған Бектерекұлы Мақтымқұл шебер 1892 жылы туып, 1961 жылы дүние салды. Себектің: Андағұл бөлімінен. Ағаштан, темірден түйін түйген шебер болған кісі. Ол кісінің ұрпақтары: ұлы Мұрат, немерелері Жұмажан, Мақсот, Қонысбай өмірден өтіп кетті, басқа ұрпақтары бүгінгі күнге дейін Сарайшық ауылында тұрып, өсіп-өнуде.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына, «Музейге сый» акциясы бойынша, Атырау облысы, Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев ауылының тұрғыны – Молдағалиева Ақкенже әкесі Молдағалиев Қайрекеннің XX ғасыр басында пайдаланған үлдірікті сыйға тартқан болатын.

Үлдірік – бұл қазақ халқы тұрмысында ыдыс-аяқ, тамақ қоюға арналған сөре тәріздес жиһаз түрі (сурет 4). Қазақ халқы көшпелілікпен айналысқандықтан, көші-қонға ыңғайлы ғана жиһаз түрлерін пайдалануға мәжбүр болғанымен, ақсүйектерге арналған үйлердегі үй жиһаздары қарапайым халықтың жиһазынан әлдеқайда жинақы, ыңғайлы, әсемдірек болған.



Сурет. 4. А. Молдағалиеваның «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған жиһаз түрі – Үлдірік.

Қорытынды. Бұл мақалада баяндалған жәдігерлерді қазақ халқының қолөнер тарихынан мол мағлұмат беретін құнды дүниелері деп айта аламыз. Ең бастысы мақалада сипатталған жәдігерлердің барлығы дерлік көшпелі қоғамның тұрмыс-тіршілігіне арналып жасалған және қазақ халқының ата кәсібі болған мал шаруашылығымен тығыз байланысты. Ұлт тарихын насихаттауда этнографиялық жәдігерлердің орны ерекше. Дегенменде, біз тоқталған үй жиһазы түрлері көшпелілікпенг айналысқан халықтар үшін ортақ жиһаз түрі болып табылады.

Бүгінгі таңда осы халық арасында сақталған қолөнер бұйымдарын өскелең ұрпаққа экспозициядан көрсетіп, маңызын түсіндіріп, мәдени мұра ретінде насихаттау «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қызметкерлерінің жауапты істерінің бірі.

ӘДЕБИЕТ

Есмырза Ұ.А. Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру мәселелері: республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдары. //Шәуілдір, 2018. 46-47 бб.

REFERENCES

Esmyrza Yu.A. Problems of preservation and restoration of cultural heritage: materials of the republican scientific and practical seminar //Shauldir, 2018, pp. 46-47.

Автор туралы мәлімет: Мысабаева Толқын Ерболатқызы – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жәдігерлермен таныстырушысы (060707, Атырау қаласы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Мырзағали Қазірет-11, Қазақстан). E-mail: tolkin24.07@mail.ru

Сведения об авторе: Мысабаева Толқын Ерболатовна – экскурсовод Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (060707, г. Атырау, Махамбетский район, с. Сарайшық, Мырзағали Казирет-11, Казахстан). E-mail: tolkin24.07@mail.ru

Information about the author: Tolkin Y. Myssabayeva – guide of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyq" (060707, Atyrau, Makhambet district, Saraishyq village, Myrzagalali Kaziret-11, Kazakhstan). E-mail: tolkin24.07@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 17.04.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 22.08.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.08.2024.

УДК 069 (091)

ЖАСАНДЫ ҚҰРАЛ ҚАҚПАН ЖӘНЕ ҚАҚПАНМЕН АҢ АУЛАУ

А.Ж. Абу

«Атамекен» тарихи-мәдени орталығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Түркі халықтары арасында қазақтың материалдық және материалдық емес мұралары қатарында аң аулау, қақпан құру және қақпанмен аң аулауды қарастыру өз алдына болса да, зор маңызға ие. Еліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі тұрмысында аң аулау мәдениеті жоғары деңгейде болды десек, артық айтқандық болмас. Аң қағудың қалыптасу тарихы тас дәуіріндегі алғашқы қауымдық құрлыстан бастау алады және оның дамуында түрлі кезеңдер болды. Сөзіміздің айғағы үңгір қабырғалары, жартастың күнгей тегістік беттерінде бәдіздей бейнеленген бедерлі суреттер аңшылықты зерттеудегі басты дерек көзі негізінде зерттеушілер назарын аударғаны сөзсіз. Аңшылықтың қалыптасуы мен

аңшылық құралдың даму кезеңдері, оның тарихын зерттеушілер түрліше мақсатта қарастырса да, ел жадында сақталған аңшылық саят құру аясында, бүгінде ермекке айналғандай көрінеді. Мақалада автор аңшылықтың ел тарихындағы маңызын қарастырады. Аңшылық тарихын арнайы зерттеген ғалымдар бірнеше кезеңге бөліп қарастырған болса, автор аңшылықпен қатар жасанды құрал негізінде басты назарды қақпанмен аң аулауға аударады.

Мақалада тарихи-мәдени Орталықтың («Атамекен» тарихи-мәдени орталығы) қор жинағының қалыптасуы, зерттеу нысаны ретінде нақты жәдігердің музей қызметінде танымды арттыратын заттай құндылық етіп қарастыру призмасы арқылы еліміздің музейлік қорларындағы аңшылық жасанды құралдың аңшылықтағы әлеуетін, оның дамуы тарихымен байланысты тарихи мән-маңызы нақтыланады. Ұсынылып отырған зерттеу Орталықтың қорына өткізілген «жасанды құрал қақпанды» зерделеу аясында жазылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмыс барысында еліміздің тарихында ерекше маңызға ие аңшылықтың қалыптасуы мен дамуындағы жасанды құралдың, қақпан құру арқылы аң аулау кәсібін танытар әдістеме пайдаланылды. Жасанды құралдың (қақпанның) тарихи дамудағы қызметін көрсету, нақты сараптамалық мәселе бойынша әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін контент-анализ әдісін кеңінен қолдануға болатындығына көз жеткізді. Зерттеу аясында тарихшылық қағидасына негіздеп, белгілі тарихи шолу әдісі қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдісті жүйелік тәсілмен ұштастыра қолдану ұқсастық пен мақсатты айырмашылықты көрсету арқылы ұлттық тарихымыздың белгілі бір кезеңдеріндегі жағдайды да, аңшылықтың тарихи болмысын сипаттауға, оның заман өтсе де дамуының үздіксіз тұтастық дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

Тірек сөздер: жасанды құрал, қақпан, аң аулау, тарихи-мәдени орталық, музей, қор, музей жәдігері.

Сілтеме жасау үшін: Абу А.Ж. Жасанды құрал қақпан және қақпанмен аң аулау // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 91-97 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.11

ИСКУССТВЕННОЕ ОРУДИЕ КАПКАН И ОХОТА С КАПКАНОМ

А.Ж. Абу

Историко-культурный центр «Атамекен» (Казахстан)

Аннотация. У тюркских народов, среди материального и нематериального наследия казахов большое значение имеют охота, капкан и охота с капканом. Не будет преувеличением сказать, что в многовековой кочевой жизни нашей страны охотничья культура находилась на высоком уровне. История становления охоты начинается с возникновения первой общественной структуры в каменном веке, и в ее развитии были разные этапы. Подтверждением наших слов является то, что стены пещеры, рельефные изображения, изображенные на гладких поверхностях скалы, несомненно, привлекли внимание исследователей, исходя из основного источника данных по изучению охоты. Становление охоты и этапы развития охотничьего снаряжения, хотя исследователи рассматривают ее историю с разными целями, кажется, что сегодня она стала развлечением в рамках создания охотничьего домика, сохранившегося в памяти страны. В статье автор рассматривает значение охоты в истории страны. Если ученые, изучавшие историю охоты, разделили ее на несколько периодов, то автор акцентирует внимание на охоте капканами на основе искусственных орудий.

В статье рассмотрено формирование фондовой коллекции историко-культурного центра («Историко-культурный центр «Атамекен»), рассмотрения через призму реальной реликвии как объекта исследования будет конкретизирована материальная ценность, повышающая знания в музейном деле потенциал искусственных охотничьих орудий в музейных собраниях страны, которой историческая значимость, связанная с историей его развития. Предлагаемое исследование было написано в рамках исследования «искусственной

ловушки», проведенного за счет средств Центра.

Материалы и методы исследования. В ходе работы использован метод, показывающий профессию охотника путем создания капкана, искусственного орудия становления и развития охоты, имеющего особое значение в истории страны. Демонстрация функции искусственного инструмента (ловушки) в историческом развитии убедилась в возможности широкого использования метода контент-анализа, позволяющего работать с различными историческими данными по конкретной экспертной проблеме. В рамках исследования был использован известный метод исторического рецензирования, основанный на принципе историзма. Использование историко-сравнительного метода в сочетании с системным подходом позволило описать ситуацию в отдельные периоды нашей отечественной истории и исторический характер охотничьего хозяйства, определить степень непрерывной целостности его развития, несмотря на прохождение время.

Ключевые слова: искусственное орудие, капкан, охота, историко-культурный центр, музей, фонд, музейная реликвия.

Для цитирования: Абу А.Ж. Искусственное орудие – капкан и охота с капканом // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 91-97. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.11

HUNTING WITH ARTIFICIAL GEAR AND A TRAP

A.Zh. Abu

Historical and cultural center of «Atameken» (Kazakhstan)

Abstract. Among the Turkic peoples, among the tangible and intangible heritage of the Kazakhs, hunting, trapping and hunting with traps are of great importance. It would not be an exaggeration to say that in the centuries-old nomadic life of our country, the hunting culture was at a high level. The history of the formation of hunting begins with the emergence of the first social structure in the Stone Age, and there were different stages in its development. Confirmation of our words is that the walls of the cave, relief images depicted on the smooth surfaces of the rock, undoubtedly attracted the attention of researchers, based on the main source of data on the study of hunting. The formation of hunting and the stages of development of hunting equipment, although researchers consider its history for different purposes, it seems that today it has become entertainment in the framework of the creation of a hunting lodge, preserved in the memory of the country. In the article, the author considers the importance of hunting in the history of the country. If scientists who studied the history of hunting divided it into several periods, the author focuses on hunting with traps based on artificial tools.

The article considers the formation of the fund collection of the historical and cultural center (Historical and Cultural Center "Atameken"), consideration through the prism of a real relic as an object of research will be specified material value, increasing knowledge in museum business potential of artificial hunting tools in museum collections of the country, which historical significance associated with the history of its development. The proposed study was written within the framework of the study of the "artificial trap", conducted at the expense of the Center.

Materials and methods of the research. In the course of the work, a method was used that shows the profession of a hunter by creating a trap, an artificial tool for the formation and development of hunting, which has a special significance in the history of the country. Demonstration of the function of an artificial tool (trap) in historical development convinced of the possibility of wide use of the content analysis method, which allows working with various historical data on a specific expert problem. Within the framework of the study, a well-known method of historical reviewing based on the principle of historicism was used. The use of the historical-comparative method in combination with a systemic approach made it possible to describe the situation in certain periods of our national history and the historical nature of the hunting industry, to determine the degree of continuous integrity of its development, despite the passage of time.

Keywords: artificial instrument, trap, hunting, historical and cultural center, museum, fund,

museum relic.

For citation: Abu A.Zh. Hunting with artificial gear and a trap. // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 91-97. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.11

Кіріспе. Аң аулау – адам баласының өмірінде ертеден-ақ зор маңызға ие болды. Аңшылық халық шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігін жалғаған кәсіп түрі болатын және ол әуелден-ақ, аңшылық негізгі күн көріс қамының бір түріне айналды. Халық арасында аңшылық кәсіптің даму барысы, оның табиғи жағдайда, климаттық өзгерістердің орын алуымен, адамдар қауымдастығының миграциялық себептермен (көші-қонмен) ғасырлар бойғы қоныс-жайларын ауыстыруымен де қатар дамып отырды. Бұл кәсіптің тіпті, жетіле түсуіне, келе-келе енді бірде тәсілдерінің өзі өзгерістерге де ұшырап, кәсіпке айналды.

Халқымыздың әуелден-ақ көшпелі тұрмысқа бейімділігі оның малшаруашылығымен қатар, аңшылықпен де айналысуына да қолайлы шарт туғызды. Ұлы дала төсін жайлаған елде аңшылық жеке адамның кәсібі болып та, бүкіл ру-қауымның айналысатын тіршілік көзі ретінде де дамыды. Күні бүгінге дейін халық арасында саят құру әу бастағы өзінің шаруашылық қалпын сақтамаса да, жалпы аңға шығуға деген желік, қызығушылық әлі күнге дейін ел ішінде сақталған.

Талқылау. Қола дәуіріндегі малшаруашылығы басты шаруашылық көзі болып қалыптасса да, кей өңірлік аймақтарда жаппай демесек те, аңшылық кәсіп көзі ретінде өткен ХХ ғасырда да қосалқы шаруашылық та бола алды. Ауланған аң өнімдерін (тері мен жүн, тулақ) халықтың тұрмыстық тұтынуында тысқа, суыққа киер сырт киім тігуде (бастан-аяк) және ас-ауқат дайындауында ерекше орын алды. Аң аулау, серуен құру бұл ұлт танымында кейіннен уақыт өте келе күнделікті тұрмыстық салтанат гөрі, бекзадалық ұстаным ретінде танылды. Әр халықтың тұрмыс кешкен ортасында табиғатпен етене араласуындағы үйлесім, аңшылық өнерімен – ұрпақты кәсіби машыққа, әскери өнерге баулуда зор маңызға ие болды.

Заманамен қатар өркениеттің дамуы да аңшылық өнердің бастапқы мақсатын, түрін және құралдарын да өзгеріске ұшыратты. Ол ең алдымен отырықшылар үшін егіншілікте және бақташы қауым үшін малшаруашылығының пайда болуымен де байланысты еді. Яғни, күнкөріс көзі болған аңшылық уақыт өте ата кәсіпке ұласты. Осылайша аңшылық саят құру өзінің түрі мен тәсіліне қарай ерекшеленуінде, халық шаруашылығындағы алатын орны жағынан аңшылықтың маңызы өте зор болды. Көбінесе аңшылықта жеке және топтық аулау арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Халықтың күн көрістік өмір ерекшелігіне сай, көпшілік жағдайда аңды жасанды құралмен де аулаған. Мұндағы аңшылық тәсілдерді игеруде қазақ қоғамы үшін де қоршаған табиғи орта мен күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі ерекшеліктеріне сай өзіндік аң аулау тәсілдерін де қалыптастырды. Табиғатпен етене жақын өмір сүрген халқымыз аң-құстың тіршілігін бақылау арқылы да оны аулаудың түрлі тәсілдерін меңгеріп тіпті, әр алуан техникасын ойлап тапты. Аңды қайырмалап айдап әкеліп, алдап түсіру әдісімен алдыменен жер бедерінің табиғи ерекшелігін ескере отырып, аң аулау құралдарын жетілдіре пайдаланып, әртүрлі жасанды құрал көмегімен аң аулау тәсілдерін де жетілдірді.

Мысалы Ақтөбе, Атырау мен Маңғыстау, Үстіртте үлкен көлемді «аран» құрылыстарының тұрғызылуы. Бұл табиғатта кездесетін ірілі-ұсақ тастарды қаластыра отырып, көлемді жасалатын құрылыс. Мұны көпшілік болып аң аулау ісінде, әсіресе, аран құру тәсілі деп қолданылды және солай аталды. Алыстан қаумалап, үріккен құлан, киікті (ақбөкен) арандату үшін табиғи ландшафттың қолайлы жер рельефін (бедерін) ұтымды пайдаланады. Сол үшінде түзде аңдарын қаумалап, алыстан қиқулатып, алдын-ала белгіленген бағытта пішіні жақ (садақ) «жебесі» түрінде болып келетін аранға, дүрліге үріккен үйірлі аң келіп кіретін алдыңғы жағы (аузы) ғана ашық болып, қоршауға кіргеннен соң аңдар бірден секіріп өте алмайтын үлкен сай немесе жыраға, тастан қаланған аранға кіргізе қамап, аңды тірі күйінде шалмамен ұстап немесе садақпен, бертін келе атып алады. Еліміздің батысында Үстіртті жерлерде қазіргі күнге дейін кездесетін жан-жағы аң өтіп кете алмайтын үлкен жыраны да бұрын, аңды қаумалай аулаудың алғашқы кездері аран ретінде қолданылған болуы мүмкін деген пайымға да негіз болған.

Жетісуда Іле мен Тарбағатай арасы жазығындағы сұлбасы анық көрініп жатқан үлкен ұра сайды да кезінде Ш.Уәлиханов атап кеткен жерлер, Үстірттегідей аранның қызметін атқарған сияқты. Қажыр мен қайрат, сабыр мен төзімді, күш шығындауды қажет ететіндіктен, халықтың бәрі жаппай аң аулауға аса бір құштарлығы да болмағаны белгілі. Себебі аң аулау үшін жүйрік жылқы, аң шалуға үйретілген тазы, берен мылтық, қыран бүркітті табу, оның күтімі мен бабын жасау өз алдына, оларды ұқсатып ұстау, жаратып отыру үлкен шығынды қажет етеді. Сондықтан, аңшылықпен дәулетті және тұрмысы ортадан жоғары, ауқатты кісілер айналысқан. Осы себептерге байланысты аң аулау кәсіп ретінде мәртебелі болды.

Қазақы танымдық жіктеу бойынша, қару және құрал-сайман көмегімен аң қағуды аңшылық десе ал, ит пен жыртқыш құстың көмегімен аң түсіруді саятшылық деп атады. Аңшылықтың тазымен аң қағу, саят, сонар, салбурын деген сияқты түрлері болды. Қарастырғалы отырған тақырыбымыз қақпан жайында болғандықтан жоғарыда аталған аңшылық, аң қағу, аң түсіру мен саятшылыққа тоқталмаймыз.

Қақпан – аң аулау үшін металдан жасалған аңшы құралы. Қақпан серпімділігі және оның көбіне қатты қысым немесе қақшып ұстап қалуына септігі болатындай екі құлақты етіп те жасалады. Қақпанның орта тұсында шүріппелі етіп бекитін жалпақ тілі болады. Ортадағы шүріппенің үстіне қысым не күштің түсуінен ол тайқып кету арқылы қақпан сарт етіп жабылады. Аңшылар оның көлеміне қарай кішілігіне қатысты бала қақпан, тісті қақпан сияқты түрлерін де пайдаланған. Ұстайтын аңына қарай қасқыр қақпан, түлкі қақпан деп те аталады. Бала қақпан немесе қолқақпан, қарсақ, түлкі, суыр, қоян т.б. ұсақ аңдарды ұстауға қолданылса, ал тісті қақпан аю, сілеусін, қабылан аулау үшін құрылады. Қасқыр аулауға арналаған қасқыр қақпан арнайы шынжырлы, серппесі (шаппасы) қалың келетін қақпанды қасқыр қақпан дейді. Мұның аюға құрылатын қақпан шомбал болып келеді.

Иіске сезімтал тағы аң темір иісін сезбес үшін, иесі күні бұрын қақпанды алдын-ала түрлі шөптермен де қайнатады. Кейде жылқының жас тезегін металдың өз бойындағы иісін кетіруге қолданатын кездері де кездеседі.

Ұста қақпанды темірден соғып, оны серіппелерін малдың әсіресе, қойдың салқын құйрық майына суарып, шынықтырған. Металды майға суару – қақпанның серіппесінің серпінін күшейтеді [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 391]. Көбінде жыртқыш, тағы аң аса иісшіл келеді. Жоғарыда айтылғандай темір иісін жою үшін соғылып жатқан қақпанды біршама уақыт жаңа сойылған қой терісіне орайды, кейде көңнің астына көміп қояды.

XIX ғ. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының күшеюі тұсында аң ату құралдарының көбеюі, оның небір жетілген түрінің кең таралуы ел арасындағы аңшылық түрлері, әдіс айдалары да кәсіптік маңызын жоғалтты. Аңшылықтың байырғы құс салу, құмай-тазымен аң аулау түрлері кейіннен тіпті, қызық қуу, уақыт өткізудегі ермек болардай ғана болды. Қазақи ортадағы аңшылық тәсілі де сан алуан: құм қақпан, тас қақпан құру, орға жығу, індету, қысаңға қамап, сойылмен ұру, тұзақ, абақ, шаншу, атқы, баспа, ау, тор, ат үстінен сойыл-шоқпармен соғу және т.б. қарапайым қолжетімді әдістер де болды. Бұл әдіс-тәсілдер үнемі толығып, жетілдіріліп те отырған. Бұл қарапайым тәсілдердің біразы күні бүгінге дейінде өз маңызын жоғалтпады. Ұсақ аңға арналған (қоян, суыр және т.б. кеміргіштер) тұзақ пайдаланылды. Құрылған тұзақ інге қарай басы өтетіндей шеңберлі етіп құрылып, тұзақтың екінші ұшын іннің бір шетіне қағылған қазыққа бекітеді [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 457]. Тұзаққа түскен аң көбіне қылғынып өледі. Егер шалажансар болған жағдайда, оны ұрып алады. Тұзаққа түскен аңды «олжалау үшін» күнде немесе күнара тексеріліп отырады. Тұзақ құру, қақпанға қарағанда жұмысы оңай. Дегенмен тұзақ құс пен ұсақ аң аулауға арналған жасанды құрал. Тұзақ жылқы қылынан, тарамыстан, кейінгі жылдарда тростың қылдай жіңішке сымынан да жасалады.

